



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
АҚПАРАТТЫҚ-КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТІ



БОЛАТ САРЫБАЕВ VOLAT SARYBAYEV

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ-ЭТНООРГАНОЛОГ
ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ-ЭТНООРГАНОЛОГ
OUTSTANDING SCIENTIST-ETHNORGANOLOGIST
(1927 – 1984)

Ұсыныстық көрсеткіш
Рекомендательный указатель

Астана, 2017



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
АҚПАРАТТЫҚ-КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТІ

**БОЛАТ САРЫБАЕВ –
КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ-ЭТНООРГАНОЛОГ**

**БОЛАТ САРЫБАЕВ –
ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ-ЭТНООРГАНОЛОГ**

**BOLAT SARYBAYEV –
OUTSTANDING SCIENTIST-ETHNORGANOLOGIST
(1927-1984)**

Ұсыныстық көрсеткіш
Рекомендательный указатель



Астана, 2017

Жауапты редакторы:

Ғ.Т. Исахан – Ақпараттық-кітапхана қызметінің басшысы

Құрастырушы:

Ғ.Б. Исақанова – Анықтама-библиографиялық және ақпараттық жұмыс бөлімінің жетекшісі

Болат Сарыбаев – көрнекті ғалым-этноорганолог. Болат Сарыбаев – выдающийся ученый-этноорганолог. Bolat Sarybayev – outstanding scientist-ethnorganologist: Ұсыныстық көрсеткіш / Ғ.Т. Исахан, Ғ.Б. Исақанова. – Астана: ҚазҰӨУ Редакциялық-басылым бөлімі, 2017. – 44 б.

Ақпараттық-кітапхана қызметі белгілі аспаптанушы-ғалым, өнертану ғылымдарының докторы Сарыбаев Болат Шамғалиұлының өмірі мен еңбектеріне байланысты әдебиеттерді ұсынып отыр.

Ұсыныстық көрсеткіш ізденушілерге, оқытушыларға, студенттерге және көпшілік оқырман қауымға арналады.

© Қазақ Ұлттық өнер университеті
Ақпараттық-кітапхана қызметі

Болат Сарыбаев – көрнекті ғалым-этноорганолог. Болат Сарыбаев – выдающийся ученый-этноорганолог. Bolat Sarybayev – outstanding scientist-ethnorganologist: Рекомендательный указатель / Ғ.Т. Исахан, Ғ.Б. Исақанова. – Астана: КазНУИ Редакционно-издательский отдел, 2017. – 44 с.

Данный указатель предлагает читателям литературу о выдающемся исследователе казахских народных инструментов, докторе искусствоведения Сарыбаеве Болате Шамғалиұлы.

Рекомендательный указатель предназначен для студентов, преподавателей и широкого круга читателей.

© Казахский Национальный университет искусств
Информационно-библиотечная служба

ОҚЫРМАНҒА

Осы ұсыныстық көрсеткіш белгілі қоғам және мәдениет қайраткері, аспаптанушы-ғалым, өнертану ғылымдарының докторы Сарыбаев Болат Шамғалиұлына арналған.

Ұсыныстық библиографияға ғалымның өмірі мен еңбектерін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілді. Көрсеткіште қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген әдебиеттер хронологиялық тәртіппен орналасқан.

Көрсеткіш Б.Сарыбаевтың «Ұлылар ізімен = По следам великих» атауымен бұрынғы жылдары баспасөз беттерінде ғана жарияланған бірнеше құжаттарды оқырман назарына ұсынып отыр.

Ұсыныстық көрсеткішті құрастыруда Қазақ Ұлттық өнер университетінің кітапхана қоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы қоры, интернет материалдары пайдаланылды.

ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый рекомендательный указатель посвящен видному общественно-культурному деятелю, исследователю и собирателю казахских народных инструментов, ученому инструментоведу, доктору искусствоведения – Сарыбаеву Болату Шамғалиұлы.

В рекомендательную библиографию включены документы о жизни и трудах ученого. В данном указателе в хронологическом порядке расположены произведения, вышедшие в свет на казахском и русском языках.

В указателе под названием «Ұлылар ізімен = По следам великих» впервые представлены ранние статьи Болат Сарыбаева.

При составлении библиографического указателя использованы материалы из фондов библиотеки Казахского Национального университета искусств, Национальной библиотеки Республики Казахстан, Интернета.

“ Әрбір мәдени мұра өз дәуіріне тығыз байланысты. Олармен үндесіп жататын тарихи оқиғалар бар. Төгілген қан, қираған дала, көзден аққан жас, батырлық іс-әрекет, тұлғардың шабысы (табиғат көріністері және бар) өздеріне сәйкес музыкалық мұра қалдырмады десе тарих алдында қате басқандық болар еді. Біздің атақты музыкалық археологымыз Б.Сарыбаев бір ғана домбыраның қырық шақты түрін тапты. Ол дәлелдеген қобыздың да түрлері көп. Дауылмаз, асатаяқ, кселофон сияқты толып жатқан музыкалық аспаптардың да болғандығын дәлелдеп берді.

”

ІЛІЯС ОМАРОВ

“ Болат Сарыбаев өзінің көп жылғы іздену нәтижесінде көптеген көне музыка аспаптарын – тауып қана қойған жоқ, оларға қайтадан тіл бітіре де білді. Қазіргі музыка өнері үшін көне аспаптардың көркемдік жағынан қаншалықты қымбат екенін іс жүзінде дәлелдеп берді.

”

БОРИС ЕРЗАКОВИЧ

“ Болат Шамғалиұлы Сарыбаев – ғылым жолында жастарға үлгі болатындай қарапайым, ойлы, еңбекшіл ғалым!

”

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

“ Подлинный патриотизм, преданность науке и своему народу, удивительная творческая активность и разносторонность деятельности выдающегося казахского ученого, собирателя и исследователя инструментальной музыкальной культуры Болате Сарыбаева, его непрерывные научные поиски, приведшие в итоге к колоссальному расширению наших представлений о казахском национальном музыкальном инструментарии, создание этим талантливым энтузиастом основополагающей коллекции-музея музыкальных инструментов, тонкие научные наблюдения и идеи, нашедшие свое отражение в его фундаментальной систематизации музыкальных инструментов казахского народа, основательной обобщающей монографии «Казахские народные музыкальные инструменты» (Алма-Ата, 1978), защищенной затем в качестве докторской диссертации (Москва, 1979), других научных публикациях, безусловно оказала огромное влияние на развитие этноорганологии как в Казахстане, республиках Центральной Азии, так и на огромном пространстве стран и регионов бывшего Советского Союза.

”

ИГОРЬ МАЦИЕВСКИЙ

Б.Ш. Сарыбаевтың өмірі мен қызметі туралы мәлімет

Болат Шамғалиұлы Сарыбаев (14.8.1927, Ташкент – 7.10.1984, Алматы) – музыкатанушы, қазақтың ұлттық музыка аспаптарын жинаушы әрі сол аспаптарда орындаушы, педагог, өнертану ғылымдарының докторы. Болат Сарыбаевтың әкесі Шамғали Харесұлы қазақ тілі білімін зерттеуші ғалым, Абай атындағы Қазақ Педагогика институтының негізін қалаушылардың бірі, анасы Нәсима көп жылдар «Қазақ әдебиеті» газетінде машинистка болып қызмет жасаған. Атасы Харес Жәңгір ханның тұсында Ордада ұстаздық еткен.

Б.Сарыбаев 1935 жылы П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық училищенің қазақ халық аспаптары бөліміне түсіп, 1944 жылы Алматы Мемлекеттік консерваториясы ашылғаннан кейін, консерваторияның дайындық бөліміне ауысты.

1944-1949 жылдары Қазақ КСР радиокомитетінің халық аспаптары оркестрінің артисі.

1950 жылы қазіргі Алматы Мемлекеттік консерваториясының басқобыз класын (Ж.Қаламбаев пен Л.Я. Эдельманның класы бойынша) бітірген. 1951 жылдан Алматы консерваториясының ұлт – аспаптар кафедрасында ұстаздық қызмет етті.

1949-1960 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің артисі болып қызмет етті.

1950 жылдардың соңында қазақтың көне музыкалық аспаптарын (сыбызғы, сазсырнай, жетіген, үскірік, шертер, шаңқобыз, дабыл, даңғыра т.б) зерттеумен шұғылданып, қазақ және орыс тілінде «Қазақтың музыкалық аспаптары» (1981, 1978) атты кітабын жарыққа шығарды.

«Қазақстанның революцияға дейінгі музыка халық аспаптары» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған (1971, (№000783). 1972 жылы доцент ғылыми атағын бекітті (11.02. 1972., № 071017).

1979 жылы Мәскеу Мемлекеттік консерваториясының арнайы кеңесінде «Қазақ халқының музыкалық аспаптары» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған.

Музыка аспабын жасаушы шебер О.Бейсенбаевпен бірге көптеген ұмыт қалған музыкалық аспаптардың түрлерін жасап, жетілдірді. Б.Сарыбаев екі жүз елуден аса музыка аспаптарын жинап, оларды өзінің үйінде мұражай жасады.

Ол 1968 жылы ұлттық музыкалық аспаптардан ансамбль ұйымдастырады. Қазақтың фольклорлық-этнографиялық халық аспаптары оркестрлерінің «Шертер» (1974), «Ғасырлар пернесі» (1975), «Отырар сазы» (1980) ұйымдастырушысы. Осы оркестрлермен 1971, 1977 жылдары Үнді елінде гострольде болды. Зертеушінің дербес жинамасы әртүрлі халықтардың төрт жүзге таман музыкалық аспабын қамтиды, ол сондай-ақ сыбызғы, сырнай, жетіген, шертер, шаңқобыз, дабыл және басқа халықтық қазақ музыкалық аспаптары жинамасының иесі. Ол бұл аспаптарды Ықылас атындағы қазақтың музыкалық аспаптар музейіне тапсырған. Қазіргі уақытта бұл коллекцияның негізгі бөлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде сақталуда.

Сонымен қатар, көптеген музыкалық фольклортану, өнертану және концерттік рецензия-сын мақалалардың авторы.

Б.Сарыбаев «Қазақтың халық аспаптары» монографиясында табылған аспаптардың түрін, қатарын, дыбыстық берілімін, ойнау тәсіліне ғылыми сипаттама бере отырып, жіктейді. Бұл зерттеуге бағалы қосымша ретінде Сарыбаевтың көмегімен «Қазақтың музыкалық аспаптары» альбомы жарық көрді.

2016 жылдың 5-ші қарашасында Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжіндегі қазақ халық музыкалық аспап жасау шеберханасы-на Болат Шамғалиұлы Сарыбаев пен Оразғазы Бейсенбекұлының аты берілді.

Танымал өнер қайраткерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қазақ халқының бай мұрасы кеңінен насихатталып, ұмыт бола бастаған төл өнеріміз қайта жанданды.

Б.Ш. Сарыбаевтың өмірі мен сан қырлы қызметі ХХ ғасырдағы Қазақстан музыка мәдениетінің тұтас дәуірін құрайды. Қазақтың дәстүрлі музыкасымен, көне музыкалық аспаптардың жаңаша жаңару кезеңі Болат Шамғалиұлы Сарыбаевтың есімімен тығыз байланысты.



Краткие сведения жизни и деятельности Б.Ш. Сарыбаева

Болат Шамгалиевич Сарыбаев (14.8.1927, Ташкент – 7.10.1984, Алматы) – музыковед, собиратель казахских национальных музыкальных инструментов и исполнитель, педагог, доктор искусствоведения. Болат Сарыбаев родился в 1927 году в семье известного педагога – Шамгали Харесовича Сарыбаева, одного из основателей старейшего казахстанского вуза: Казахского педагогического института (КазПИ).

В 1935 году поступил в музыкальное училище имени Чайковского на отделение казахских народных инструментов. После открытия в 1944 году Алма-Атинской Государственной консерватории, был переведен в консерваторию на подготовительное отделение.

В 1944-1949 артист оркестра народных инструментов Казахского радиокомитета. В 1950 году окончил Алма-Атинскую государственную консерваторию им. Курмангазы по классу бас-кобыз. С 1951 преподаватель Алма-Атинской консерватории на кафедре национальных инструментов.

В 1949-1960 артист Государственного оркестра казахских народных инструментов им. Курмангазы.

Уже в конце 50-х годов начинается неустанная и кропотливая работа по изучению казахского инструментария. Он не только занимался поисками, исследованием и реконструкцией исчезнувших музыкальных инструментов, работал в архивах, музеях и библиотеках, но и возвращал эти инструменты в живую музыкальную практику, современную действительность, знакомил соотечественников с замечательным прошлым национальной культуры.

Основные направления научных исследований – древние казахские музыкальные инструменты (сыбызгы, саз сырнай, жетыген, ускирик, шертер, шанкобыз, дабыл, дангыра и др.).

В 1970 году Б.Ш. Сарыбаев защитил кандидатскую диссертацию на тему: «Народные музыкальные инструменты дореволюционного Казахстана». В 1970 году присуждается ученая степень кандидата искусствоведения (№000783) и в 1972 году утвержден в ученом звании доцента (диплом №071017 от 11 февраля 1972 г.).

В 1979 году на специализированном совете Московской государственной консерватории защитил докторскую диссертацию на тему «Казахские народные музыкальные инструменты (прошлое и

настоящее, усовершенствование и исполнительство»).

Автор книги «Казахские музыкальные инструменты» (на рус. и казах. языках, 1981, 1978). Вместе с мастером по изготовлению музыкальных инструментов О.Бейсенбаевым восстановил и усовершенствовал многочисленные забытые музыкальные инструменты.

Собрал свыше 250 музыкальных инструментов, открыв в своем доме музей. В 1968 г. организовал ансамбль национальных музыкальных инструментов. Исследователями найдено несколько видов казахских древних инструментов, по разным причинам исчезнувших в быту народа. На общественных началах он организовал фольклорные ансамбли «Шертер» (1974), «Гасырлар пернеси» (1975), «Отрар сазы» (1980), с которыми в 1971 г. и 1977 г., побывал в Индии.

Автор статей по вопросам музыкальной фольклористики, инструментоведения, концертных рецензий.

В монографии «Казахские народные инструменты» Б.Сарыбаев научно систематизировал инструменты по видам, звучанию, игровому исполнению. В дополнение к данному исследованию, с помощью Б.Сарыбаева вышел в свет альбом «Казахские музыкальные инструменты».

5 ноября 2016 года мастерской по изготовлению казахских народных инструментов при Алматинском колледже строительства и народных промыслов были присвоены имена Болата Шамгалиулы Сарыбаева и Оразгазы Бейсенбекулы.

Жизнь и многогранная деятельность Б. Ш. Сарыбаева составили целую эпоху в музыкальной культуре Казахстана 20 столетия. Период своеобразного возрождения традиционной казахской музыки, древних музыкальных инструментов связана с именем Болата Шамгалиулы Сарыбаева.



МУХАМБЕТОВА АСИЯ,
өнертану ғылымдарының докторы, профессор

Болат Сарыбаевтың кереметі

Ғалым адамға қызмет етеді және оның өміріне ықпал етуі тиіс. Біз, XX ғасыр адамдары, өз өмірімізде ғылымның, әсіресе оның табиғи-ғылыми саласының орны ерекше екенін иә ризашылықпен, иә наразылықпен сеземіз.

Бірақ гуманитарлық ғылымдардың адам өміріне ықпалы пәлендей сезіле қоймайды. Өмірдегі басты нәрсесі – адамның санасын өзгерте отырып, ол (ықпал) арнасынан асып-төгілмей баяу ағатын өзен секілді, байсалды әсер етеді және дәл бір уақытта (өте сирек – ғалымдардың тірі кезінде) байқала бермейді. Ал ондай құбылысқа тап бола қалсақ – ол бізге қашанда жұмбақ. Сондықтан гуманитарий-ғалым өз қызметінің нәтижесі тұтас бір халықтың санасын өзгерткені көзі тірісінде көрмей де кетуі мүмкін дейміз. Ал Болат Сарыбаев... оны көрді. Қазақтың көне музыка аспаптарын зерттеуші, олардың сыртқы бітімі мен сырлы әуенін қалпына келтірген ол өз алдына мұндай мақсатты қойған да жоқ шығар. Бірақ сол мақсатқа (халықтың санасын өзгерту) жеткен сияқты... Ғалымның өз замандастарының рухани әлеміне түбегейлі өзгеріс әкелуі шынында да айтуға оңай, ал ақиқатында аса маңызды құбылыс болды. Қалай десек те, дәл сол тұстағы оның ашқан жаңалығы ғылым үшін ойға сия бермейтін, кез-келгеннің қолынан келе бермейтін батыл қадам еді. Өмірдің тікелей өзінен тамыр тартып, мынау қарбалас тіршіліктің қасиетті тереңінен нәр алған туындылар ғана өмірмен өзектес болып, қатар өріле алмақ.

Бөкең еңбектерінің өміршеңдігі де сонда деп білеміз.

Болат Шамғалиұлы Сарыбаевтың тағдыры әлі талай шешуі қиын жұмбақтарды алдымызға тартары сөзсіз. Оның мақалалары, жазбалары мен диссертациялық сүбелі еңбектері әлі сиясы кеуіп үлгермей жатып-ақ аңызға айналып, қалың көпшіліктің аузында жүретін. Ал ғылыми ізденістерінің нақты нәтижелері – қалпына келтіріліп, қайта жасалып шыққан ұлттық көне аспаптар жұрттың көз алдында қазақтың бұқаралық мәдениетінің көзайымына айналып жататын.

Ғалым өзінің қысқа ғұмырында біздің өткеніміз туралы қасаң пікірімізді өзгертіп қана қойған жоқ, өзіміздің қоршаған әлемнің

бір бөлшегі туралы пайымдауларымызды да мүлдем басқа арнаға бұрып үлгерді. Ол кезде біздің түсінік-пайымымыз өзіміздің көшпелі өмір салтымызбен «объективті» түрде түсіндірілетін, ұят та болса музыкалық аспаптарымыздың екі-ақ түрі (домбыра мен қобыз) бар дейтін шындықтан аса алмайтын. Ал енді, Болат Шамғалиұлының елеулі еңбектерінен соң, ұлтымыздың музыкалық аспаптарға бай халықтардың бірі екеніне көзіміз жетті. Ол тапқан аспаптарды өзіміздің өткеніміз деп танып, олардың жанды дыбыстарын бүгінгіміз деп біліп, жүрегімізбен сезінгеннен кейін ғана бұл әуендерді туғызған көшпелі мәдениеттің соншама құнарлы екеніне ден қойдық.

Ғалым аса бай аспаптарды туғызып, аспапты музыканың дамуын шырқау биікке шығарған объективтік негіз нақ сол көшпелі тұрмыс екенін ашып керсетті. Еңбек түрі ұжымдық (коллективтік) шаруашылыққа негізделген және әнді хормен айтуды дәстүрге айналдырған отырықшы халықтардың музыкалық мәдениеті басқа жолмен дамыған.

Болат Сарыбаев бізді қоршаған заттық әлемді өзгертті. Ұлттық мәдениетіміз ішекті аспаптардан – шертер, қылқобызбен; үрлемелі аспаптардан – сыбызғы, сазсырнай, кернеймен; идиофон аспаптардан – шаңқобыз, дауылпаз, қоңырау, асатаяқпен; қорапты арфа – жетігенмен; үш ішекті домбырамен байыды. Жетпісінші жылдардың басында бұл аспаптар тосын қабылданса, бүгінде төл мәдениетімізге сіңісіп, біте қайнасып кетті. Қазіргі таңда қазақ музыкасын ол аспаптарсыз елестетудің өзі мүмкін емес, ал осыдан бірер жыл бұрын біз оларды білмегенбіз дегенге сену қиын.

Болат Сарыбаев өзі қалпына келтіріп, қатарға қосқан көне аспаптардың жүрек қылын шертетін жылы да жұмсақ үнімен біздің айналамыздағы дыбыстық ортаны мүлдем өзгертіп жіберді. Біз көшпелі тұрмыста жалт-жұлт еткен жылтырақ заттардың болмауына музыкадағы көз арбап, көңіл аулайтын жылт етпе ашық тембрдің қажетсіздігі сәйкесетінін көріп-біліп, өз мәдениетімізге сай тембрлік идеалымызды түсіндік. Осы ырғақтардың байлығы мен сиқырлы әсеріне жан-тәнімізбен елтіп, бабалар рухымен бізді тікелей жалғап тұрған санадан тыс әлдебір психологиялық нәзік сезімнің жұмбақ сырын ашқандай болдық. Ал музыкатанушы ғалымдар обертондарымен (қосымша дауыс үндестігі) бай аспаптық тембрлерді қазақ музыка тілінің барлық элементтерімен (құрылым, пішін, саз), көркемдік-образдық ойлау ерекшелігімен байланыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік алды.

Ең бастысы: Болат Шамғалиұлының ашқан жаңалықтары мен жасаған дүниелері қазіргі санаға бөлшектеніп емес, бүтін күйде жетіп, осы күнгі қазақ музыка мәдениетін де, оның тыңдаушыларын да мүлдем өзгертіп жіберді. Зерттеуші ғасырлар қойнауында қалған аспаптарды көне деп атағанымен, замандастары оларды жаңа деп қабылдады. Көнеден жеткен аспаптардың күллі болмысы олардың қаншама ғасырлар мен дәуірлерді артқа тастап бізге жеткенін айқын танытып тұрар еді. Бірақ олар қай дәуірде, қашан пайда болды дегенге зерттеуші де, оның оқырмандары мен тыңдаушылары терең бойлаған емес, бойға шымырлай тараған жанды байланыстың жылуын сезінуді қанағат етті. Замандастарының жаңа аспаптарды қуана қабылдауы өзінің төл тарихы мен мәдениетінен зорлықпен ажыратылған халықтың өткенге аса бір ынтызарлықпен артқан үмітін, өз қадірін сезінген өршіл рухын көрсетті.

«Көне де болса мәдениет үшін жаңа» деген тіркестің өзінде екіұшты мағына бар, бірақ зерттеушінің күллі еңбегінің мәні мен мазмұны, ықпал-әсері нақ сонда. Оның өзі уақыттың үзілген арқауларын жалғаушы сияқты. Көне мен жаңа – бұл екі ұғымның арасында уақыт шыңырауы жатыр, ал екеуі бір заттың (Болат Шамғалиұлының қолында – музыкалық аспап) сипатында тоғысқанда ол мәдениет пен адам жадындағы уақытша алшақтықты жалғайтын көпір іспетті болады. Демек, ол материалдық мәдениет құбылысынан рухани мәдениет құбылысына, онда өтетін үдерістердің нышанына айналады.

Мәдениет пен өнердің көне жәдігерлерін іздеген жалғыз Болат Сарыбаев қана емес екенін білеміз. Бірақ мәдениет құбылыстары ретінде танылмаған материалдық объектілерді іздеуші бір ғана зерттеушінің табыстары тез арада бүтін бір халықтың рухани қазынасына айналып, көптеген адамдардың өміріне қуаныш пен сүйініштің ұмытылмас сәттерін сыйлауы қалай? Оның басты себебі – ғалымның өмірі мен еңбегі халықтың рухани өмірінің ағынында – тарихтағы таңғажайып өзгерістерді туғызатын, көзге көрінбейтін қуат ағынында ұштасып жатты. 60-шы жылдар бұрынғы КСРО-дағы айрықша кезең болды. Дәл сол кезеңде, Мұрат Әуезов айтқандай, біздің республикамызда халықтың өз тарихына деген ынта-ықыласы тарихи тақырыптардан қанағат таппай, көркемдік сананың әралуан формаларында көрініс бере бастаған-ды. Тарихи роман рухани ізденістердің нышанына айналды және сонымен бір мезгілде ол тарих ғылымының кенжелегенін де

көрсетіп, оның біраз жүгін өз мойнына алды. Тарихи білімге деген жай қызығушылық емес, оған шындап сусаудың аясында қоғамдық сана өзін жегідей жеген көптеген сұрақтарға жауап іздеп, оны әралуан құбылыстардан, соның ішінде Болат Сарыбаевтың еңбектерінен тапты.

Әрине, қоғамдық жағдайды еске алғанда ғалымның өз заманындағы қазақ мәдениетіне тигізген ықпал-әсерінің бірегейлігін тек сонымен түсіндіргеніміз дұрыс бола қоймас. Тіпті бұл жағдайды басқаша тұжырымдап: аспаптанушылардың бірінің өз замандастарының рухани әлемін өзгертуге еткен ықпалы десек, оның қандай жағдайда болсын қоғамдағы жұмбақтығы айдан анық болмақ. Қаншама пайдалы, тіпті кейде өмірлік қажеттілігі бар ғылыми білімдер кейде көпшілік санадан тым алшақ болатынын қайтерсіз.

Болат Шамғалиұлының қайталанбас тұрпатын еске алсақ, оның алуан қырлы шығармашылық болмысы сирек кездесетін психологиялық сипатымен үйлесетінін айтпай кете алмаймыз. Ол тек зерттеуші ғана емес еді. Оның өмірін ойша саралаған сайын ғылыми жұмысын өзі әлдеқайда биік мақсаттың – шындықты белсенді түрде өзгертсем деген арманының алғышарты санағанын түсінесіз. Ол атқарған істердің саналуандығы қайран қалдырды: консерваторияда дәріс оқу; экспедициялар; мұрағаттар мен мұражайларда көз майын тауысып отыру; ескі қолжазбалардағы суреттемелер, сипаттамалар, суреттер бойынша көне аспаптарды қалпына келтіру үшін шеберлермен жұмыс істеу; аспаптарды жетілдіру мақсатында олардың материалдары мен пішіндеріне қатысты тәжірибелер, есептеулер жүргізу; жаңа аспапты ойнап үйрену, олар үшін репертуарлар дайындау, студенттерді үйрету; ансамбльдер құру және олардың концерттік қызметіне жүйелі түрді ұйымдастыруға қатысу; өз қаржысына Қазақстандағы ең жақсы музыкалық аспаптар мұражайын құру; КТУ-лерде музыкалық аспаптар жасайтын шеберлерге сабақ беру; әртүрлі халықаралық сипозиумдар мен конференцияларға үзбей қатысу; кандидаттық және докторлық диссертацияларын жазу; кітап шығару... Әйтсе де оның ең басты мақсаты – қазақ оқырмандарымен және тыңдаушыларымен үзбей байланысып тұру еді. Оның насихат мақсатымен қойған тегін концерттері де, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалары да жүздеп саналатын. Адам таңқаларлық табандылықпен және мақсаткерлікпен үйлесетін мұндай көпарналы ықпал ету өз ісіне жан-тәнімен берілген пассионарий-ғалымның осы заманғы мәдениетке

тигізген керемет әсерін түсіндіре алады.

Мұндай сан салалы қарбалас жұмысты бір ғана адамның істегеніне сену де қиын. Бірақ ешқашан асықпайтын, сабырлы да салмақты, адалдығы көзінен көрініп тұратын, кез келген кісіге жұмсақ жымып қана қарайтын осы бір адамға күш пен сенімді құдайдың өзі берген сықылды. Ол ылғи да өзінің жұмысын ойлаушы еді, әңгіме ауаны басқа тақырыпқа ауысса да, оның өзі ісі туралы іштегі сапырласқан ойдан арыла алмай тұратынын байқау қиын емес болатын. Оның еңбексүйгіштігі мен ұйымдастырушылық шеберлігі әрдайым бәрімізді таң қалдырушы еді.

Болат Шамғалиұлы өзінің тыңдармандары мен оқырмандарының сүйіктісі еді. Екі дәуірдің арасын байланыстыра білген осынау ғажайып жан әр адамға өз өмірінің бүтіндігін, онда кездейсоқ ештеңенің де болмайтынын сезіну бақытын сыйлап кетті. Сол сүйіспеншіліктің күші мен ауқымы өзі білген-білмегенін қайдам, бірақ анық сезген болу керек, әйтпесе өмірінің көп жылғы сыбағасы болған ауыр жүкті көтере алуы неғайбіл еді.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді», – деп ақын айтпақшы, халқы Болат Шамғалиұлын ескерді, кемеңгер тұтты, ал ескермеген ат төбеліндей әріптестері бәрібір ол дәлелдеген ақиқат шындықты мойындауға мәжбүр болды. Уақыт өз төрелігін солай кесті...

1988 ж.

Аударған Әдетов Бекболат



Феномен Булата Сарыбаева

Наука служит людям и должна воздействовать на их жизнь. Бесспорный тезис, особенно наглядно демонстрируемый естественными науками, результаты вторжения которых в жизнь, мы люди XX века, в радостью или досадой отмечаем постоянно. Но воздействие на жизнь гуманитарных наук не всегда столь очевидно. Меняя в жизни самое главное – сознание людей, оно протекает неторопливо и скрытно, подобно природным процессам, и редко обнаруживает себя при жизни самих ученых. Поэтому, когда мы встречаемся с подобным явлением, то это всегда – некая загадка. Можно было бы сказать, что ученый-гуманитарий не может при своей жизни увидеть результат своей деятельности: изменение сознания целого народа. Но... Булат Сарыбаев это увидел. Исследователь древних музыкальных инструментов казахов, восстановивший их облик и воскресивший их звучание, навряд ли задавался такой целью. Но это произошло... Причины изменения ученым-гуманитарием духовного мира современников непросты, многозначны и внутри самой науки могут не лежать, из логики ее развития не вытекать. На жизнь воздействует только то, что имеет корень в самой жизни, произрастая из ее сокровенных глубин.

Судьба Булата Шамғалиевича Сарыбаева будет еще долго загадочной в этом смысле. Его труды [1, 2, 3, 4, 5, 6], едва успевая принять форму привычных научных жанров: заметки, статьи, диссертации – буквально на следующий день становились мифологизированными фактами общественного сознания. А практические результаты его научных изысканий – восстановленные и реконструированные им древние музыкальные инструменты – на глазах становились явлениями современной массовой культуры казахов.

Ученый ушел от нас, успев изменить не только наши представления о своем прошлом, но и часть мира, окружающего нас. Наши представления находились на стадии несколько стыдливого, но зато честно принятого факта бедности нашего инструментария (все-то домбра да кобыз), «объективно» объясняемого нашим кочевым образом жизни. А теперь, после трудов Булата Шамғалиевича, мы знаем, что казахи – один из самых богатых инструментами народов. С благодарностью признав открытые им инструменты своим прошлым, с любовью приняв их живое звучание в настоящем, мы сами поверили в

плодотворность породившей их кочевой культуры.

Ученый раскрыл, что именно кочевой быт и есть объективная основа возникновения богатейшего инструментария и высочайшего развития инструментальной музыки. Музыкальная культура оседлых народов с преобладанием в их хозяйственной деятельности коллективных форм труда и связанного с ним хорового пения развивалась другим путем.

Булат Сарыбаев изменил предметный мир вокруг нас. В национальную культуру вошли многочисленные инструменты: струнные – шертер, кыл-кобыз; духовые – сыбызгы, сазсырнай, керней; идиофоны – шан-кобыз, дауылпаз, конырау, асатаяк; ящичная арфа – жетыген; 3-струнные домбры... В начале 70-х они интриговали экзотичностью, но очень скоро стали восприниматься абсолютно органично. И сейчас невозможно представить без них казахскую музыку. Трудно поверить, что было время, когда мы о них не знали, как трудно бывает матери ребенка вспомнить, что мир когда-то был без него.

Булат Сарыбаев изменил звуковую среду вокруг нас, заполнив ее мягкими, теплыми и бархатистыми тембрами своих музыкальных инструментов. Мы поняли предопределенность своего национального тембро-идеала, убедившись, что в кочевом быту отсутствию блестящих предметов, тканей, поверхностей соответствует отсутствие интереса к блестящим, резким, чистым тембрам в музыке. Отдав себя всей душой красочному богатству и магии воздействия этих тембров, мы открыли новое и в себе – независимую от сознания живую пульсацию неких психологических структур, напрямую связующих нас с предками. А ученые-музыковеды получили возможность исследовать связь богатых обертонами тембров со всеми элементами казахского музыкального языка, его строем, фактурой, ладом, с особенностями художественно-образного мышления.

И самое главное: все то новое, что открыл и создал Булат Шамгалиевич вошло в современное сознание не разрозненными единицами, как я вынуждена была изложить, а неким целым, которое изменило и современную казахскую музыкальную культуру, и ее слушателей. Исследователь обозначил старинными, но для его современников новыми инструментами уходящую в века временную вертикаль культуры. Инструменты, посланники из прошлого, свидетельствовали о неизмеримой глубине этой вертикали. Насколько глубоко она уходила, не задавались вопросом ни сам ученый, ни

его читатели и слушатели, достаточно было ощущать живое тепло пульсирующей связи. В радостном приятии современниками новых инструментов излилась всеобщая жажда связи с прошлым, жажда восстановления истины и обретения достоинства, которая втайне от идеологов иссушала живую душу народа, искусственно лишенного своей подлинной истории и культуры.

Само сочетание «старинный, но новый для культуры» достаточно двусмысленно, но в нем-то секрет воздействия трудов и всей деятельности ученого. Он был тем, кто связывал разорванные нити времен. Старинный и новый – между этими понятиями временная пропасть, но когда они сходятся в характеристике одного предмета, а в руках Булата Шамгалиевича это музыкальный инструмент, то он становится агентом, преодолевающим временной разрыв в культуре и памяти людей. Из явления материальной культуры он превращается в явление культуры духовной, символ происходящих в ней процессов.

Мы ведь знаем, что не один Булат Сарыбаев искал и находил в прошлом предметы культуры и искусства. Но как случилось, что охота одного исследователя за неопознанными в качестве явлений культуры материальными объектами быстро превратилась в часть знания целого народа, привнесшую в жизнь многих мгновения света и радости? Одна из причин в том, что жизнь ученого и его труд находились в потоке духовной жизни народа, в том невидимом энергетическом потоке, который производит самые невероятные изменения в истории. 60-е годы в бывшем СССР были временем особым. Именно в это время в нашей республике, как констатировал Мурат Ауэзов, всенародный интерес к своей истории, не реализовавшийся в исторических студиях, нашел выход в различных формах художественного сознания. Исторический роман стал символом духовных поисков, и одновременно показателем отставания исторической науки, функции которой он на себя отчасти взял. На фоне не просто интереса, а голода по историческому знанию, общественное сознание активно искало и находило ответы на мучившие его вопросы в самых различных явлениях, в том числе и в трудах и деятельности Булата Сарыбаева.

Но, вспомнив общественную ситуацию, не будем только ею объяснять уникальность влияния этого ученого на современную казахскую культуру. В конце концов, если сформулировать эту ситуацию другими словами, а именно: преобразование одним из инструменталоведов

духовного мира современников, то загадочность ее при любой ситуации в обществе очевидна. Известно множество научных знаний, которые, при всей их полезности, а порой и жизненной необходимости, очень далеки от массового сознания.

И здесь мы приходим к уникальной личности Булата Шамгалиевича, сочетающего многообразие творческого выражения с редкими психологическими чертами. Он был не только исследователем.

Анализируя его жизнь, приходишь к выводу, что научная работа была для него лишь основой для гораздо большего: для активного преобразования действительности. Многообразие его дел удивительно: преподавание в консерватории; экспедиции, работа в архивах, музеях; работа с мастерами по воссозданию старинных инструментов по сохранившимся описаниям, воспоминаниям, рисункам; расчеты параметров и эксперименты с формой и материалами по усовершенствованию инструментов; освоение игры на новых инструментах, создание репертуара для них и обучение студентов; создание ансамблей и личное участие в их постоянной концертной деятельности; создание на собственные средства лучшего в Казахстане музея музыкальных инструментов; открытие и преподавание на факультете мастеров по изготовлению в международных конференциях и симпозиумах; написание кандидатской и докторской диссертаций, издание книг.. Но самым главным для него был постоянный контакт с массовым казахским читателем и слушателем. Сотнями исчисляются его бесплатные популяризаторские выступления с ансамблем и сотнями исчисляются его статьи в газетах и журналах. Это многоканальное воздействие в сочетании с удивительным постоянством и целенаправленностью может как-то объяснить феномен воздействия ученого-пассионария на современную культуру.

При таком многообразии дел нетрудно было расплыться. Но этот медлительный, немногословный и искренний человек с ясными глазами и детской улыбкой обладал какой-то необъяснимой, не иначе как данной ему свыше, верой в необходимость своей миссии, редким трудолюбием и организованностью... Поражала его постоянная сконцентрированность на Деле Его Жизни, он всегда говорил о нем, и если разговор заходил о другом, то он, как мне всегда казалось, внутренне ни на миг не отрывался от мыслей о своем Деле.

Булат Шамгалиевича очень любили слушатели и читатели. Его

роль человека, связующего нити времени, давала людям счастливое ощущение целостности своей жизни, ее неслучайности. Не знаю, осознавал ли он силу и масштабы этой любви, но, несомненно, бессознательно ощущал, иначе ему не выдержать бы тех огромных многолетних перегрузок, в которых прошла его жизнь.

Нарисованная мной картина всеобщей любви противоречит проверенной веками формуле «нет пророка в своем отечестве». Да, к сожалению, она подходит и к жизни Булата Шамгалиевича. Но, к счастью, «отечеством», не признававшим его, была узкая каста профессионалов-коллег, а миром, поверившим ему, стал его народ.

Литература:

1. Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты. Алма-Ата: Жалын, 1978. – 176 с.
2. Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты. Альбом. Алма-Ата, Жалын, 1978. – 136 с.
3. Сарыбаев Б. Древний казахский народный инструмент джетыген // Народная музыка в Казахстане. Сборник статей. – Алма-Ата: Казахстан, 1967. – с. 122-126
4. Сарыбаев Б. Народная музыка в трудах Чокана Валиханова. В кн.: Музыказнание, 1973, вып.7. – с. 10-15.
5. Сарыбаев Б. Некоторые сведения о музыкальном инструментарии древних тюрков. В кн.: Музыказнание. Алма-Ата, 1975, вып.7. – с. 3-8.
6. Сарыбаев Б. Кюй как коммуникативное явление. В кн.: Традиции и новаторство. Алма-Ата, 1980. – с. 172-174.



Б.Ш. Сарыбаевтың еңбектері

1. **Қазақтың музыкалық аспаптары.** Альбом = Казахские музыкальные инструменты: Альбом / Болат Сарыбаев. – Алматы: Жалын, 1978. – 136 б.: суреттер (на каз. и рус. яз).
2. **Қазақтың музыкалық аспаптары.** – Алматы: Өнер, 1981. – 208 б.
3. **Казахские музыкальные инструменты.** – Алма-Ата: Жалын, 1978. – 176 с.
4. **Қазақтың музыкалық аспаптары.** – Алматы: 2017. – 206 б.: суреттер. (Бұл кітапты Қайсар Сарыбаев басып шығарды. Кітап саудасаттыққа арналмаған).
5. **Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар:** (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына) = Сарыбаев Б.Ш. Статьи и материалы: К 90-летию ученого-этноорганолога. – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 276 б.

Мақалалары

6. **Музыка терминдері қате аударылып жүр** // Қазақ әдебиеті. – 1955. – 15 сәуір
7. **Жазушы домбырасы:** [М.Әуезов музейінде сақталған екі домбыра туралы] // Жетісу. – 1967. – 9 декабрь.
8. **Музыка аспабы жөнінде және бір дерек:** [Қазақтың музыкалық аспаптарының түрлері жайында] // Қазақ әдебиеті. – 1967. – 11 тамыз
9. **Сахнада - жас оркестр:** [Республикалық радиохабар тарату және телевизия комитеті жанындағы қазақтың камералық музыка оркестрі туралы] // Лениншіл жас. – 1967. – 14 наурыз
10. **Халқымыздың ән-күй аспаптары** // Социалистік Қазақстан. – 1967. – 26 апр.
11. **Жетігеннің жетеуі** // Қазақстан әйелдері. – 1968. – N 9.
12. **Шертер** // Білім және еңбек. – 1968. – N11, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 86-87.
13. **Қобыздың тарихына үңілсек** // Жұлдыз. – 1968. – N 9. – 146-150 б., Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 75-84 б.

14. **Музыкалық аспапты музейден ғана көрмейік:** [Домбыралардың сапасыздығы туралы] // Лениншіл жас. – 1968. – 19 шілде, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 93-95 б.
15. **Талғам және Осакаровкалық домбыралар** // Лениншіл жас. – 1968. – 18 мамыр, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 90-93 б.
16. **Шаңқобыз - көне аспап** // Қазақ әдебиеті. – 1968. – 17 ақпан
17. **Шертер** // Білім және еңбек. – 1968. – N11, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 84-86 б.
18. **Абай мен Шоқанның жинастырған аспаптары:** [Музыкалық аспаптар туралы] // Лениншіл жас. – 1969. – 25 қараша
19. **Өрелі ой салған сапар:** [Орта Азия республикалары мен Қазақстанның халық музыкасы мен аспаптарын зерттеушілердің Ташкентте өткен конференциясынан] // Соц. Қазақстан. – 1969. – 6 сәуір. – N 82, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 112-114 б.
20. **Сыбызғы сыры:** [Қазақтың халық аспаптарын жинау туралы] // Социалистік Қазақстан. – 1969. – 29 шілде.
21. **Асатаяқ** // Балдырған. – 1970. – N 11, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 138-139 б.
22. **Жетіген** // Балдырған. – 1970. – N 6. – 21-б.
23. **Қазақ инструментариясының даму жолдары жайында** // Лениншіл жас. – 1970. – 17 қараша
24. **Шаңқобыз** // Балдырған. – 1970. – N 10. – 18 б., Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 139-140 б.
25. **Ұлт аспаптарының бүгіні мен болашағы** // Лениншіл жас. – 1970. – 3 ақпан
26. **Ұлы мәдениет еліне** // Лениншіл жас. – 1971. – N 234, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 131 – 132 б.
27. **Шындауыл** // Балдырған. – 1971. – N 1, Сарыбаев Б. Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылды-

ғына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 137 б.

28. Кепшік пен дабыл // Балдырған. – 1972. – N 3, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 137-138 б.

29. «Қыз-Жібек» музыкаға бай: [«Қыз-Жібек» фильмі туралы] // Лениншіл жас. – 1972. – 13 июнь.

30. Қазақтың әуендік көне аспаптары // Қазақ әдебиеті. – 1973. – N 30, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 135-136 б.

31. Қолына тоғыз жаста домбыра алып // Қазақстан әйелдері. – 1973. – N 9, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 121-125 б.

32. Қазақтың фольклорлық ансамблі // Торғай таңы. – 1974. – N 25, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 99-107 б.

33. Жетігеннен дабылға дейін // Білім және еңбек. – 1976. – N 5, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 126-130 б.

34. Байырғы аспаптарға байып қарайық // Социалистік Қазақстан. – 1978. – N 144, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 87-90 б.

35. Бір сапардың олжалары // Мәдениет және тұрмыс. – 1980. – N 3, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 111-112 б.

36. Көне музыкалық аспаптар жайында // Социалистік Қазақстан. – 1980. – 19 октябрь. – N 243, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 109-111 б.

37. Көненің көзі // Білім және еңбек. – 1981. – N 3, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 107-109 б.

38. Күй нотаға толық түссін // Жалын. – 1981. – N 1, Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 96-99 б.

39. Үскірік // Білім және еңбек. – 1984. – N 9. – 16 б.

40. Сыбызғы // Білім және еңбек. – 1984. – N 7. – 18 б.

41. Сазсырнай, шертер, сылдырмақты қамшы // Білім және еңбек. – 1982. – N 12. – 30 б.

42. Адырна – 19 б., Даңғыра – 174 б., Домбыра – 184 б., Шаңқобыз – 736., Шертер – 743-744 б. // Қазақ өнері: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 2002. – 602 б.

43. Аса таяқтан басталған өнер: Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі, «Мирас» қолөнер бірлестігінің бас маманы нәбижан Байтекеұлы туралы // Дала мен қала. – 2005. – 4 қараша (N 44). – 16 б.

44. Түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптары жөнінде кейбір деректер // Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2014. – 32-т. – 197 – 201 б.

45. Көне музыкалық аспаптарымыз туралы // Сарыбаев Б.Ш. Мақалалар мен материалдар: (ғалым-этноорганологтың 90 жылдығына). – Астана: ҚазҰӨУ, 2017. – 115-121 б.



На русском языке

46. Об одном рукописном сборнике песен // Советский Казахстан. – 1955. – N 4.
47. Революционные песни в Казахстане // Советский Казахстан. – 1957. – N 11. – С.116-117.
48. Экспедиция по сбору народной музыки // Советская Бухара. – 1966. – N 178.
